

Диссертациялық кеңестің 2023 жылғы жұмысы туралы

**ЕСЕБІ**

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті жанындағы диссертациялық кеңес

Исламтану/Дінтану бойынша Диссертациялық кеңес

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Сатершинов Бақытжан Меңлібекұлы

Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары

Құрманбаев Қайрат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының 2023 жылғы 14 шілдедегі № 344 бұйрығымен бекітілген.

Диссертациялық кеңеске

8D02201 «Исламтану» мамандығы бойынша;

8D02202 «Дінтану» мамандығы бойынша диссертация қорғауын қабылдауға рұқсат берілген.

**1. Өткізілген отырыстың саны туралы деректер**

2023 жылы Диссертациялық кеңесте 1 диссертанттың диссертациялық жұмысының қорғауы өтті. Есеп беріліп отырған мерзімге дейін кеңесте 2 отырыс өткізілді.

**2. Өткізілген отырысқа қашықтан қатысқан кеңес мүшелерінің тегі**

Нагимова Альмира Загировна – экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Уфа Ғылым және технология университетінің доценті. Башқұртстан Республикасы, Ресей Федерациясынан (онлайн қатысты)

**3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі**

№	Т.А.Ә.	Мамандығы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері	ЖОО
1	Стамбакиев Нұржан Жақсылықұлы	Исламану	«Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы институттарының қалыптасуы және қызметтерінің ерекшеліктері»	Отандық ғылыми кеңесші: Құрманбаев Қайрат, Исламтану бойынша PhD докторы, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің проректоры; Шетелдік ғылыми кеңесші: Мунзир Қахф – экономика	Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

				ғылымдарының PhD докторы, профессор, Стамбул Сабахаттин Заим университеті Ислам экономикасы және қаржысы кафедрасының профессоры	
--	--	--	--	--	--

#### **4. Жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау**

##### **4.1. Қаралған жұмыс тақырыбына талдау**

Қорғалған диссертациялық жұмыстардың тақырыбы исламтану және ислам қаржысы саласымен байланысты.

Стамбакиев Нұржан Жақсылықұлының «Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы институттарының қалыптасуы және қызметтерінің ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында Қазақстандағы исламдық қаржы институттарының қалыптасуы, дамуы және қызметі теориялық және эмпирикалық зерттеулер негізінде зерттеліп, бүгінгі отандық гуманитарлық ғылым талаптарына жауап беретіндей ғылыми нәтижелер ұсынылған. Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижесі мен контенті Қазақстандағы исламдық қаржы институттарының қызметтері мен даму процессін зерттеушілердің ғылыми қорын байытады.

##### **4.2 Диссертация тақырыбының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ республикалық мақсатты және өңірлік ғылыми және ғылыми техникалық бағдарламалармен байланысы**

Диссертациялық кеңестің отырыстарында қаралған диссертация Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің Білім беру бағдарламаларына, Университеттің Даму стратегиясына, Исламтану кафедрасының ғылыми зерттеу жоспарларына сәйкес орындалған. Сондай-ақ диссертациялық жұмыстың Қазақстан Республикасында ислам экономикасы мен исламдық қаржы жүйесін дамытуға байланысты мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға қатысы бар.

##### **4.3 Қаралған жұмыстардың ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейіне, нақты жұмыстар нәтижелерін кеңінен енгізу жөніндегі ұсыныстарға талдау**

Стамбакиев Нұржан Жақсылықұлының «Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы институттарының қалыптасуы және қызметтерінің ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейі салааралық болып табылады. Ғылыми ізденістің тұжырымдары исламтану, ислам экономикасы, ислам қаржысы, сондай-ақ жалпы экономика және қаржы салаларын кешенді зерттеу жұмыстарында маңызды, сонымен қатар, Қазақстандағы исламдық қаржы институттарының қалыптасуы мен даму қарқынын зерттеп зерделеуге өзіндік үлес қосады. Диссертация жұмысының тұжырымдары мен ғылыми нәтижелерін исламтану, ислам экономикасы, экономика және қаржы бағыттары бойынша білім алатын орта-кәсіби колледждерде және жоғары білім беретін оқу орындарында, ғылыми институттарда ғылыми материал ретінде пайдалануға болады. Диссертация материалдарын еліміздегі ислам экономикасын және ислам қаржы саласын оқытуда қолдануға болады.

## 5. Рецензенттердің жұмысына талдау

Ph.D докторанты Стамбакиев Нұржан Жақсылықұлының «Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы институттарының қалыптасуы және қызметтерінің ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына келесі рецензенттер тағайындалды:

1. Мейрбаев Бекжан Берікбайұлы – философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің деканы;
2. Бертаева Күләш Жазықбайқызы – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті Қаржы кафедрасының меңгерушісі.

Рецензенттер диссертацияларды және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде Диссертациялық кеңеске жазбаша пікірін ұсынды. Онда диссертациялық жұмыс тақырыптарының өзектілігі, диссертацияда тұжырымдалған ғылыми қағидалар, қорытындылар, ұсынымдар және практикалық құндылығы негіздемесінің дәрежесі, олардың жаңалығы бағаланып, докторантқа тиісті бағыт бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге ұсыну туралы қорытынды берілген.

Рецензенттердің пікірлері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011ж. «31» наурыздағы №126 бұйрығымен (2012 жылғы 18 мамырдағы № 225, 2013 жылғы 4 мамырдағы №172, 2016 жылғы 21 қаңтардағы №56, 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №512, ҚР Білім және ғылым министрінің 09.03.2021 № 98 бұйрығымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулармен бірге) Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесінің талаптарына сәйкес орындалған және рәсімделген.

## 6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар


8D02201 «Исламтану» және 8D02202 «Дінтану» мамандықтары бойынша Диссертациялық кеңестің жұмыс мерзімінің үш жылдан кейін де жалғасын табуын ұсынамыз.

## 7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің қаралған диссертациялары туралы деректер

	8D02202 «Дінтану»	8D02201 «Исламтану»
Қараудан алынып тасталған диссертациялар	-	-
Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастағандары	-	-
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары	-	1
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-
Қорғау қорытындысы	-	-

бойынша теріс шешім алғандары		
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	-	1
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-


Диссертациялық кеңес төрағасының  
орынбасары



К. Құрманбаев

Диссертациялық кеңестің

Ғалым хатшысы



А.Б. Әкімханов

